




Ауру кезінде балаға дұрыс күтім жасаудың

8 ӨЛШЕМ ШАРТТАРЫ




ҚАЖЕТСІЗ ЕМДЕУДЕН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ

Антибиотикалық терапияның кеш басталуы және баланың жағдайын қайта бағалау (24-48 сағаттан кейін) көбінесе антибиотиктерді қажетсіз қолданудан аулақ болу үшін пайдалы, әсіресе жоғарғы тыныс жолдарының инфекцияларында.



АНТИБИОТИКТЕР ВИРУСТАРҒА ӘСЕР ЕТПЕЙДІ

Антибиотиктер бактериялар тудыратын кейбір инфекцияларды емдеу үшін ғана қажет. Антибиотиктер суық тию мен тұмауға немесе мұрын ағуы кезінде көмектеспейді, тіпті бөлінділер қалың, сары немесе жасыл болса да.



ЖЕДЕЛ БРОНХИТ

Тыныс алу жолдарының қабынуы-ісінуге және шырыштың бөлінуіне әкеледі, бұл жөтелді тудырады. Қалдық белгілер 6-8 аптаға дейін созылуы мүмкін және емдеуді қажет етпейді.



МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК

- Температура 38°C немесе одан жоғары.
- Қанды шырышпен жөтел.
- Ентігу немесе тыныс алудың қиындауы.
- Бронхиттің қайталанатын эпизодтары.



АНТИБИОТИКСІЗ ЕМДЕУ

- Көбірек демалыңыз.
- Сұйықтықты көп ішіңіз.
- Мұрын бітелуі кезінде ылғалдандырғышты, тұзды тамшыларды қолданыңыз.
- Жоғары температурада (38 және одан жоғары) және баланың нашар сезінуінде (парацетамол, ибупрофен) қызу түсіретін дәрілерді қабылдаңыз.



АНТИБИОТИКТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕ

- Антибиотиктерді тек дәрігердің нұсқауы бойынша қабылдаңыз.
- Егер сіз уақытынан бұрын өзіңізді жақсы сезінсеңіз де, емдеу курсына соңына дейін аяқтаңыз.
- Дәрілерді қабылдау аралығын қадағалаңыз. Есіңізде болсын, "күн" сөзі күннің жарқын бөлігін емес, барлық 24 сағатты білдіреді.



ҚАНДАЙ ДӘРІЛЕРДІ ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙДЫ

- 4 жасқа дейінгі балаларға тамаққа арналған пастилкалар.
- Аспирин - бауыр мен миға зиян келтіретін Рей синдромының дамуын болдырмау үшін.
- Мұрын бітелу кезінде тамыр тарылтатын дәрілерді (ХПА-Оксиметазолин. Ксилометазолин, Нафазолин) қолдану мерзімі тәулігіне 1-2 реттен және 3 тәуліктен **аспау қажет**.
- Бумен ингаляция - күйіп қалу қаупіне байланысты



АЛДЫН АЛУ

- Қолыңызды жиі жуыңыз немесе дезинфекциялаушы затты қолданыңыз.
- Ұлттық вакцинация күнтізбесіне сәйкес екпе жасатыңыз, бұл антибиотиктерге деген қажеттілікті азайтады.
- Ауырып жатқан балаларды мектепке немесе балабақшаға жібермеңіз.